

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Егемен Қазақстан, 2010.
2. Галеева Н.Л. Бас мұғалім мен мұғалім оқу үдерісінің сапасын басқару субъектілері ретінде. [Электрондық ресурс]
3. Қоджаспирова Г.М. Педагогика. – М.: Юрайт, 2015. – 719 б.
4. Абдуллина, О.А. Студенттердің педагогикалық тәжірибесі: пед. студенттеріне арналған оқу құралы. ин-тов / О.А.Абдуллина. - 2-бас., қайта қаралған. және қосымша - М.: Білім, 1989. - 175 б.
5. Адольф, В.А. Қазіргі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі / В.А.Адольф. - Красноярск: РИО ҚМПУ, 1997. - 310 б.
6. Конаржевский Ю. А. Менеджмент и внутришкольное управление. – М.: Владос, -354 с.
7. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. (монография). – Астана, 2001. – 275 б.

ӘОЖ 37.012

<https://doi.org/10.53355/w9914-4598-8417-f>

**БІЛІМгерлерді оқытудағы халықтық тәлім-тәрбиенің
АЛАТЫН ОРНЫ**

Шакарим Н.Ш., п.ғ.к., оқытушы- дәріскері, **Бокенова Г.Ж.,** оқытушы
II.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. 2 №22 орта мектебі, Талдықорған қ.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе»

М.О.Әуезов

Ұсынылған мақалада болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық мектептеріміздің, колледждеріміздің, университеттеріміздің күн тәртібінде тұрған көкейкесті проблемаларды қозғауы мен құнды. Зерттеулер мен ой-толғандарда халқымыздың кәусар қайнары – салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымыз, ауыз әдебітіміз, имандылықпен адамгершілік қасиеттеріміз дәріптеліп, сол құндылықтарды жас мамандар бойына сіңіру жолдары қарастырылады.

Тірек-сөздер: білім тәрбие, мәдениет, отбасы, отан, еңбек, білім, жер, президент, рухани құндылық, адамгершілік, қасиет, эстетикалық, этикалық, философиялы, ұлттық рух, патриотизм.

Предлагаемая статья затрагивает актуальные проблемы, стоящие на повестке дня наших национальных школ, колледжей, университетов в воспитании будущих поколений. В исследованиях и размышлениях рассматриваются традиции, обычаи, устная литература, нравственные качества нашего народа и пути привития этих ценностей молодым специалистам.

Ключевые слова: образование воспитание, культура, семья, Родина, труд, образование, земля, президент, духовные ценности, нравственность, добродетель, эстетические, этические, философские, национальный дух, патриотизм.

The presented article is valuable and touches on topical issues of education of future generations, which are on the agenda of our domestic schools, colleges and universities. Research and reflection promote the origins of our people-our traditions, customs, oral traditions, morality and consider ways to instill these values to young professionals.

Key words: education, culture, family, Homeland, labor, education, land, president, spiritual value, morality, virtue, aesthetic, ethical, philosophical, national spirit, patriotism.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз білімді адам – адамзаттың қас жауы», - деп ғұлама ғалым Әл-Фараби айтқандай, білім мен тәрбие – егіз, екеуі қатар жүруі керек.

Білім бере тәрбиелеу құрылымын дамыту әртүрлі бағыттарда: адам, отбасы, Отан, еңбек, білім, мәдениет, жер, шығармашылық сияқты жалпы адамдық құндылықтарға орай іске асырылады.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» «...білім берудің тиімді жұмыс істейтін Қазақстандық жүйесі қалыптасып, қазіргі әлемде Қазақстанның лайықты орын алынуына мүмкіндік беретін оқыту мен кадрларды даярлаудың сапалық білім деңгейіне қол жеткізетін болады» деп атап көрсетілген. Яғни «жаңа» қоғамға «жаңа» сапалы адам керек. Мұндай адамды қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Әрбір жеке тұлғаның, бүкіл халықтың, бүкіл қоғамның тағдыры оқытушы еңбегінің нәтижесіне тікелей байланысты. Оқытушы өз қызметін шығармашылық бағытта ұйымдастыра білуі үшін ең алдымен өз қызметінің мәнін түсіне алуы – басты шарт.

Оқытушы қызметінің негізгі мәні – оқушыны оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, өз үрдістерді басқаруды шығармашылықпен ұйымдастыра білу. Президенттің 2005 жылы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауындағы: XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деген сөзі әрбір оқытушыны ойлантуы тиіс. Өйткені мұғалім еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса, елдің, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ.

Қазіргі кезде білім алушылардың санасында адамзаттық, рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, олардың даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта дамыту, қоғам өмірін демократияландыру барысында жаңа азаматты қазақтың ұлттық мәдениеті арқылы қалыптастыру мәселесінің көкейкестілігі күннен-күнге артып отыр.

Шындық пен халық өмірінің болмысын, табиғат сұлулығын, оның құбылыстарын айшықты образдар арқылы суреттейтін және сол арқылы оқушылардың әсемдікті, тарихи-әлеуметтік құбылыстарды, туған халқының өткені мен бүгінгі дүниетанымдық белгілерін танып білуіне, сонымен бірге өткен ұрпақ қалдырған рухани - мәдениетін игеруге ықпал ететін көркемдік білім мен тәрбие құралы – қазақ мәдениетінің құндылықтары ұлт мәдениетінің құндылықтарын игеру барысындағы көркемдік іс - әрекеттердің айқындалуы, сол іс - әрекеттер арқылы шығармашылық ойдың кеңеюі, әдеби шығармаларды қабылдау барысында әсерлену сезімінің оянуы, көркемдік танымның, талғамның қалыптасуы адамның жастық шағынан бастап, оның жас кезеңдеріне сәйкес мақсатты түрде жүргізіп отыратын педагогикалық үрдістегі үзіліссіз көркемдік білім берудің жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

«Өнер алды – қызыл тіл» деп ойлы да саналы сөзді сап алтынға бағалаған ата – бабаларымыз, тіл өнерін – халықтың сәбилік шағынан жер қойнына кіргенге дейінгі адам өмірінің айнасы, халықтың мәдениеті мен ақыл – ойының алтын қоймасы санаған. Қазақтың тарихи құндылықтарын құрайтын: ертегі, аңыз - әңгімелерінде, айтыс өнерінде, терме – толғауларында, бесік жырларында, мақал – мәтелдерінде, ел тағдыры, келер ұрпақ қамы, бостандық, адамгершілік, ар - ождан мәселелері жан – жақта сөз болып, сол арқылы көпшілікке, жастарды имандылық, өнегелі – эстетикалық тәлім – тәрбиеге баулу көзделген.

Ақын – жыраулар туындыларындағы қазақтың дүниетанымдық ақыл – ой өрісінің, философиялық пікірлерінің тереңдігі туралы ақын Ә.Тәжібаев былай дейді: «Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұхаралар айтқан толғаулардан бізге жеткен терең ойлардың толқынында жүзгендей сезінеміз. Кейде жақыннан, кейде ишаратпен алысқа меңзеулер, әлде қайда біз біле бермейтін арнаулы сөздерден жаралады да, өмір, тарих, қоғам, адам жөнінде ғажайып топшылаулар, толғау – түюлер айтады». «Ақылдың көзі – аталы сөз» деп асыл сөзбен ұтымды да ақылды ойдың қоғамындағы тәрбиелік мәніне ертеден ерекше назар аударған бабаларымыз сол асыл сөзді ұрпағының ақыл – ойын, адамгершілік – имандылық қасиеттерін тәрбиелеудің, эстетикалық талғамын дамытудың құралы етіп келген. Ақыл – ой, ұзақ жылдар қоршаған орта болмысын қабылдау тәжірибесінен, көру, білу, жүрекпен сезіну арқылы алған әсерді үнемі ой

елегінен өткізіп, сарапқа сала отыру және ол түйінді өмір – тіршілікке қолдану мәселесі қазақ тәлім – тәрбиесінің бірден – бір басты мақсаты болғаны сөзсіз. «Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез» деген тілек осыған сай айтылса керек.

Ақыл – ойдың қадір – қасиетін бағалай білген, көпті көрген қариялар, данышпан ақсақалдар, ұрпақ тәрбиесінде сол қасиетті дарытуға ұмтылған. «Алтын шірімейді, ақыл арымайды», «Ақыл азбайды, білім тозбайды», «Ақыл – дария, алсаң да таусылмас», «Ақылды адам батпан – ақ, ақылсыз адам сасқалақ», т.с.с. ақыл – ойдың адам өміріндегі мәніне байланысты мақал – мәтелдер мен қанатты сөздер жеткілікті. Кемеңгер ұлы адамдар қалдырған әдеби, философиялық, этикалық мұралардан Қазақстан жерін мекендеген ертедегі халықтар мен қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіндегі ақыл – ой тәрбиесінің маңызды орында болғанын танып білеміз. Мысалы, Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде:

Ақыл қайда болса, ұлылық толады;

Білім кімде болса, сол білікті болады;

Ақылды болса, пайдасын ер көп көрер.

«Тобықтай түйін тоқсан ауыз толғамды шешеді» деген толғауы осыған дәлел. Бұл мәндегі, ақыл – ой тәлімі туралы толғаулар Асан Қайғы, Бұхар, Махамбет, Базар, Майлықожа, Дулат еңбектерінің мазмұнында тұнып тұр. Бүгінгі күні мақаламен айтылып жүрген Майлықожаның «Жақсы адам қартайса» атты толғауының негізгі мазмұны ақыл – ой мен адамгершілік – имандылық қасиетке тәрбиелеуге бағытталған.

Адамгершілік – имандылық тәлімі – қазақ отбасындағы тәрбиелік қағидалардың бірі. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген қағидадан бастау алатын адамгершілік тәрбиенің мазмұн – мәні – жас ұрпақты қоғамдық, әлеуметтік қатынастарға дайындау және енгізу. Ұрпағын адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке баулу мәселесі халық педагогикасының асыл арнасы мақал – мәтелдерге айтылған: «Жауға жаныңды берсең де, жолдасыңды берме», «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «Ашу – дұшпан, ақыл дос; ақылыңа ақыл қос», т.с.с. асыл сөздерде көрініс береді. Терең ойды топшылап өткен Асан Қайғы жастарды туған жер, өскен ел, ағайын – жұрт қадірін бағалауға, халық қамын ойлауды адамгершіліктің үлкен парызы екенін түсінуге шақырады. Ол: «Атаңның ғана баласы болма, адамзаттың баласы, ұрпағы бол, көпке қызмет ет, халық қамын ойлар азамат бол» деген ұлағаттықты насихаттайды.

Адамгершілік тәлімі туралы Абайдай аса шыншылдықпен толық қамтып әдеби бейнелеген ғұламаны табу қиын. Ақыл – ой, адамгершілік, еңбек, тән тәрбиесі, эстетикалық талғам, отбасының тәрбие мәселелері, ерік пен жігерлі мінезді, зиялылық, халықтық мұратқа сай сезімдерді қалыптастыру – Абай поэзиясы мен қарасөздеріндегі тәлімдік идеялардың басты өзегі. Абайдың тұжырымдауынша, баланы жастайынан көркемдікке баулуды үлкендер неғұрлым ертерек ойластыруы қажет, өйткені бесіктегі нәрестенің өзі ананың әлдіі, құлағына жеткен ән – күйдің әуезді үні арқылы әсемдіктен хабардар болып жатады. Абайдың:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Ойласаңшы бос қақпай елең – селең деген өлең жолдары - өнердің адам өміріндегі қасиеті мен тәлімдік мәнін түсінуге шақыру. Келер ұрпақты шыдамдылыққа, төзімділікке, қажырлылыққа тәрбиелеуде шешендер мен ақындардың ел ағасы болған адамдарға арнаған толғаулардың тәлімдік маңызы зор.

Ер азаматтың ерлігін, елін сүюшілік сияқты адамгершілік ұлы қасиеттерін қастерлеу, халыққа мағлұм ету, сол арқылы оның өнегелі істерін ел – жұртқа, ағайын – туысқа, арттағы жас ұрпаққа үлгі - өнеге етіп ұсыну – қазақ тәлімінің маңызды бір көрінісі. Бұл алдымен халықтың «Елі үшін туып, елі үшін өлген ердің» ерлігін дәріптеуін білдірсе, екіншіден, жастарға, келешек ұрпаққа оның ерлік ісін үлгі - өнеге етіп ұсыну, сол арқылы «Ат тұяғын тай басар», «Елдің қамын ер жоқтар» деп тағы да халық қамын жейтін «Елі үшін еңірген ер» тәрбиелеуді армандаған халық «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» сияқты көптеген батырлық дастандарын дүниеге әкелді. Халық мақал

– мәтелдерінде де осы идея өзекті орын алады. Мысалы: «Батыр туса – елдің ырысы, жауын жауса - жердің ырысы», «Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады», «Елін сүйген ер болар», «Ерлік білекте емес, жүректе» деген мақал – мәтелдер, халық үшін күресетін, ел қамын жеген, елінің ар намысын қорғай білген Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Баян, Махамбет, Бауыржан, т.б. батырлардай ұлтжанды азаматты тәрбиелеу мұқтаждығын дәріптейді. Адамдар арасындағы ыстық қатынасты, махаббатты, сүйіспеншілікті жырлаған лирикалық – махаббат дастандарында кейіпкерлердің сымбат сұлулығын, мінез – құлқын, рухани тазалығын, табиғат пен адамдарды қоршаған орта әсемдігін суреттеген әсем сөздермен жастардың сұлулық, әсемдік туралы түсініктерін эстетикалық тұрғыда қалыптастырып, тәрбиелеуді көздейді.

Қазақ халқының рухани – эстетикалық мәдениеті ертеректе қазақ даласында болған М.Поло, Генрих, Клапорт, Паллас, Вамбери, Вульсон, Янушкевич, Радлов, т.б. сияқты шетелдіктерді де таңдандырып келгенін ғалым С.Қалиев «Еуропа ғалымдары қазақ халқының мәдениеті туралы» кітабында деректі материалдар негізінде көрсеткен. Солардың бірі дат ғалымы Э.С.Вульфсон: «...тап қазақтардай бүкіл өмірінде әнді қастерлеп өтетін халықты табудың өзі неғайбыл...» десе, орыс ғалымы В.Радлов: «ойды бейнелеп беруі, ашық, айқын, өткір айта білуі жағынан қырғыздарды (қазақтарды) Батыс Азияның француздары деуге болады... Қырғыздар (қазақтар) нақтылы сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі. Сондықтан олардың поэзиясы дамудың жоғары сатысына жеткен...» деп ағынан жарылады.

Халықтың педагогиканы зерттеуші ғалым – педагог С.Қалиев ұрпақ тәрбиесіндегі «...ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын, парасаттылығы мен көрегендігін, мәдениет тарихын, ойшылдары мен ағартушыларының қалдырған рухани мұраларын оқып үйренбей тұрып, келер ұрпаққа дұрыс тәлім – тәрбие беру мүмкін емес» деп тұжырымдайды. Сонымен бірге, ғалымдарымыз (Қ.Жарықбаев , С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, Қ.Бөлеев, т.б.), қазақтың халық педагогикасының асыл арнасы: салт – сана , әдет – ғұрып, ұлттық өнер мен ауыз әдебиеті үлгілерінен тағлым айты, мұра қалдырып кеткен орта ғасыр ғұламалары Әл – Фараби, А.Иассауи, Ю.Баласағұн, М.Қашқари, А.Иүгнеки, Қ.Жалайыри, 16 - 19ғғ. өмір сүрген ақын – жазушылардың, сондай – ақ 19 - ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың демократ – ағартушылары Ш.Уалихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың педагогикалық ой - пікірлерін оқып үйрену, жинақтаған ілімді заман талабына сай екшей отырып, қазіргі студент жастарға ұлттық тәрбие беруде мақсатты пайдалану әрбір ұстазға міндет екенін айтады. Өйткені ол мұралар мен ой – пікірлерден, тәжірибелерден халқымыздың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған ұрпақ тәрбиелеудегі данышпандығын, мұраттарын көреміз және танып білеміз.

Колледждегі қоғамдық пәндердің, студенттерге көркемдік білім негіздері арқылы оқушыларды ұлттық рухани мәдениет құндылықтарымен қуаныштарын, оларды имандылық – адамгершілік, эстетикалық тәрбиеге баулитын «тұғырлы» сатысы деп білуіміз керек. Сондықтан қоғамдық пәндердің мәндік, мазмұндық ерекшеліктеріне қарай студенттерге, туған халқының рухани, мәдени құндылықтарын игертуге мүмкіндік беретін сабақтар тақырыбын, мазмұнын дайындау әрбір мұғалімнің педагогикалық, шығармашылық міндетіне айналуы шарт деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жарықбаев Қ. Қалиев С. Қазақ білім тәрбиесі . Алматы: «Санат» 1995ж.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы Алматы: «Санат» 2001ж.
3. Қалиев С. «XV- XIX ғғ. ақын жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ой – пікірлер». – Алматы: Рауан , 1990.
4. «Қазақ халқының тәлім – тәрбие тарихынан». Оқу құралы / Құрастырған Жарықбаев Қ., Қалиев С.- А.: Кітап, 1992.
5. «Қазақтың тәлімдік ой – пікірлер антологиясы» . 1-2том./Құрастырған Жарықбаев Қ., Қалиев С.- А.: Рауан ,1994,1998.

6. Қалиев С. «Европа ғалымдары қазақ халқының мәдениеті туралы». - А.: Рауан, 1992.
7. Ғабдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті». – Алматы: Мектеп, 1976.
8. Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие»- Алматы, 1995.
9. Аманова Ғ. «Халықтық педагогика-даналық мектебі»-Алматы, 2012.

ӘОЖ 37.014

<https://doi.org/10.53355/r7409-0365-3884-x>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ОҚУЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шакирова Ж.Д., «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенті
Оспанбекова М.Н., PhD, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық
институтының доценті

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.

E-mail: Meirgul1976@mail.ru, zhazira.shakirova@mail.ru

Мақалада Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамытуға арналған мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттар негізге алынып, қарастырылып отырған мәселелерге бойынша жазылған ғылыми еңбектерге талдау жасалған. Оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын жаңартылған мазмұндағы оқулықтар негізінде қалыптастыру мәселесі қарастырылған.

Тірек сөздер: *Дүниетану, ұлттық құндылық, бастауыш сынып, жаңартылған білім беру бағдарламасы.*

В статье проанализированы научные работы по рассматриваемым вопросам на основе государственного регулирования развития образования в Республике Казахстан. Рассмотрен вопрос формирования национальных ценностей учащихся на основе обновленных учебников.

Ключевые слова: *познание мира, национальные ценности, начальная школа, обновленная образовательная программа.*

The article analyzes scientific works on the issues under consideration on the basis of state regulation of the development of education in the Republic of Kazakhstan. The issue of formation of national values of students on the basis of updated textbooks is considered.

Key words: *knowledge of the world, national values, primary school, updated educational program.*

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық мәселелер білім беру мәні мен оның түпкі нәтижесін қайта қарауды қажет етуде. Қазіргі таңда білімділік, шығармашылық ізденіске қабілеттілік сынды тұлғалық сапалары қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеп қалыптастыру еліміздегі саясаттың, мәдени дамудың түпкі негізіне айналып отырған уақыттағы қажеттіліктен туындап отырғаны бәрімізге аян.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіріп, баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру керек», - деген. Осы айтылған Тұжырымдамада: «...Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасаты, ар-ожданы бар, еңбекқор, іскер, бойында басқада игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» делінген [1].